21095492758

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 наурыз №5265-24-00-2/192 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.Ж.Жолбарыс
сот отырысының хатшысы Н.Нартайқызының отыруында
ашық сот отырысында қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Шымкент қаласының білім басқармасының «№130 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (әрі қарай – ШЖҚМКК, Мектеп)

**ЖАУАПКЕР**:
«Аяла Дар» жауапкершілік шектеулі серіктестік (әрі қарай- ЖШС, Серіктестік)

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру

**ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮ:**
1. тауарларды қабылдауға міндеттеу, қабылдау-тапсыру актісін заңды деп тану
2. мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзуды жарамсыз деп тану

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
Прокурор Е.Байымбетов
Аудармашы Ғ.Жанабергенов
Талап қоюшының өкілдері Е.Ниязов, Н.Мырсейтов
Жауапкер С.Югай

**<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>**

Тараптар арасында 2023 жылы 29 қыркүйекте мемлекеттік сатып алу туралы №72 келісім шарты тұзілген, жауапкер келісім шартқа қол қойынан

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 19.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.05.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 31.05.2024
5265-24-3-6/5

күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде оқу бөлмесін материалдық-техникалық жабдықтауға міндетті.

Шарттың жалпы сомасы 7 392 112.00 теңге құраған.

Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2023 жылдың 12 желтоқсанына дейін қолданылады.

Шарт 2023 жылдың 29 желтоқсанында бұзылған.

Мектеп жоғарыда көрсетілген талап қоюмен жүгінген, онда тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты түзілгенін, алайда жауапкер келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін тиісінше түрде орындамағанын, сондықтан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыппұл өндіруді сұраған.

Серіктестік жоғарыда көрсетілген қарсы талап қоюмен сотқа жүгінген, онда шартта көрсетілген мерзімінен кешіктіріп, яғни 28 желтоқсанда оқу бөлмесін материалдық-техникалық жабдықтағандарын, алайда тапсырыс беруші қабылдау актісіне қол қоюдан бас тартқанын, сонымен қатар шартты бұзу туралы хабарлама жолданбағанын, сондықтан тауарларды қабылдауға міндеттеуді, қабылдау-тапсыру актісін заңды деп тануды және мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзуды жарамсыз деп тану сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілдері, талап қоюды толық қуаттап, қазіргі таңда жауапкермен шарттың талаптары орындалмағанын, талап қоюды қанағаттандыруды, ал қарсы талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды өтінгенін айтып көрсетті.

Сот отырысында жауапкердің өкілі қарсы талап қоюда көрсетілген негіздерге сай, қанағаттандыруды, ал талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды өтінгенін айтып көрсетті.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру, ал қарсы талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыру туралы қорытынды берді.

## **УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

1 негізгі талап қою.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай-Заң) 38- бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273- баптарына бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 19.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.05.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 31.05.2024
5265-24-3-6/5

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сай, міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Сот отырысында анықталғандай, шартта көзделген міндеттемелерін бүгінгі таңға дейін толық орындамаған.

Заңның 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 72- бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Жауапкер талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын дәлелдемелер табыс етпеді.

Осыған орай, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы заңды және негізді деп санайды.

2 негізгі талап қою бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

АК-нің 297-бабына сәйкес, егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің талабы бойынша борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, өнім беруші тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды, не міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды.

Талап қоюшы сот отырысында, келісім-шарттар бойынша әлеуетті өнім беруші келісім-шартта көрсетілген міндеттерін орындамағаны үшін 184 803 (7 392 112 х 0,1% х25=184 803) теңге тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұраған.

Сот талап қоюшының бұл талабы негізді деп санайды, сондықтан талабының бұл бөлігі қанағаттандырылуға жатады деп табады.

1 қарсы талап қою бойынша.

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 19.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.05.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 31.05.2024
5265-24-3-6/5

Шарттың 4.1., 4.2. тармақтарына сай, тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

Осы Шарт шеңберінде жеткізілген тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

Шартың 5.2,, 5.3. және 5.4. тармақтарына сай, немесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер тараптар тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өнім беруші тапсырыс берушіден тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған тауардың ақаулықтарына байланысты кінараттарды қабылдайды.

Жеткізу өнім беруші тапсырыс берушіге тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

Шартың 6.2.-тармағына сай, тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен тауарды жаңасына ауыстырады.

Сот отырысында анықталғандай және «Сараптық - кешендік бағалау кәсіпорын» ЖШС-нің 2024 жылғы 28 ақпандағы маманның қорытындысына сай, Серіктестік шартта көзделген міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған, атап айтқанда тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмеген. Бұл мән- жайды тараптар жоққа шығармады.

Сонымен қатар, жауапкермен қабылдау актісінде көрсетілген 7 392 112 теңгеге оқу бөлмесін материалдық-техникалық жабдықталғанын дәлелдейтін дәлелдеме сотқа ұсынбады.

АПК-нің 68-бабының 1,3-бөлігіне сай, әрбір дәлелдеме оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы ескеріле отырып, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

Егер бір тарап екінші тарап ұсынған дәлелдемелерге дау айтпаса және оларды мойындаса не дәлелдемелерге дау айту жауапкердің қарсылығынан немесе жауапкердің дәлелдеріне қарсы талап қоюшының қарсылығынан тікелей туындамаса, мән-жайлар анықталды деп есептеледі.

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 19.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.05.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 31.05.2024
5265-24-3-6/5

Жоғарыдағылардың негізінде, сот жауапкердің тауарларды қабылдауға міндеттеу, қабылдау-тапсыру актісін заңды деп тану туралы қарсы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдыруға жатады деп табады.

2 қарсы талап бойынша.

АК-нің 402-бабының 2-тармағына сай, шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады.

АК-нің 403-бабының 1-тармағына сай, шартты бұзу кезінде тараптардың міндеттемелері тоқтатылады.

Шартың 8.3.- тармағына сай, шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен тапсырыс беруші осы шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер өнім беруші шартта көзделген мерзімде немесе тапсырыс беруші ұсынған осы шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

АК-нің 386-бабының 3-тармағына сай, егер заңдарда немесе шартта шарттың қолданылу мерзімі көзделсе, осы мерзімнің аяқталуы, шарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеліп соқтырады.

Сот отырысында анықталғандай, тапсырыс беруші шартты бір жақтама бұзу туралы ұсыныс web-портал арқылы Серіктестікке 2023 жылғы 16 қарашада жолданған.

Отыз күн мерзімде жауапкерден жауап алынбаған соң Шарт 2023 жылғы 29 желтоқсанда бұзылған және Шарттың қолдану мерзімі 2023 жылдың 12 желтоқсанына дейін, яғни бүгінгі таңда қолдану мерзімі аяқталған.

Сондықтан мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзуды жарамсыз деп тануға құқықтық негіздер жоқ деп табады.

Осыған орай, сот жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзуды жарамсыз деп тану туралы қарсы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдыруға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабының негізінде, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 5 544 (бес мың бес жүз қырық төрт) теңге.

АПК-нің 109-бабына сай, жауапкерден талап қоюшының пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 19.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.05.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 31.05.2024
5265-24-3-6/5

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

## ШЕШТІ:

«Шымкент қаласының білім басқармасының «№130 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚМКК-ның талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Аяла Дар» ЖШС-гі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Аяла Дар» ЖШС-нен (БСН 070 240 009 101) талап қоюшының пайдасына тұрақсыздық айыппұл 184 803 (жүз сексен төрт мың сегіз жүз үш) теңге, мемлекеттік баж салығы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

«Аяла Дар» ЖШС-нен (БСН 070 240 009 101) мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 5 544 (бес мың бес жүз қырық төрт) теңге өндірілсін.

«Аяла Дар» ЖШС-нің жауапкер Шымкент қаласының білім басқармасының «№130 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚМКК-ға тауарларды қабылдауға міндеттеу, қабылдау-тапсыру актісін заңды деп тану, мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзуды жарамсыз деп тану туралы қарсы талап қоюы -қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

**Судья** **Г.Ж.Жолбарыс**

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 19.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.05.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 31.05.2024

5265-24-3-6/5

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 19.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.05.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 31.05.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
Информационная система «Төрелік»